

Ленин

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Кеңесінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

Шығуына
26-шы жыл
№ 166
(6867)
1944 жыл
Сейсенбі
22 август
Жеке саны
20 тыйын

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

1944 жылғы 20 август № 152 Москва, Кремль

Жолдастар, ұшқыштар, штурмандар, әуе атқыштары, радиотышарлар, инженерлер, техниктер, моторшылар, истребитель, штурмашы, бомбашы, барлау авиацияларының офицерлері мен генералдары.

Сіздерді Бүкілсаяқтық авиация күні, неміс басқыншыларға қарсы күресте қолжеткен табыспен құттықтаймын.

Бүкіл Қызыл Армиямен бірге кеңес авиациясы неміс-фашист басқыншыларға қарсы сұрапыл қатты күрес жүргізіп, дұшпанның адам күші мен техникасына, оның ту сырты мен қатынас жолдарына күйрете соққы беруде.

Жұмысшылар мен жұмысшы әйелдердің қажырлы еңбегі, кеңес авиация конструкторлары мен инженерлерінің тамаша шеберлігі неміс авиациясының сан жағынан басымдылығын жеңуге және Қызыл Армия мен соғыс-теңіз флоты әуе күштерін жоғары сапалы көп мыңдаған соғыс самолеттерімен қаруландыруға мүмкіншілік берді.

Жауға қарсы әуе ұрыстарында ұшқыштарымыз тамаша ерлік батырлық және командирлік, ал командирлер мен бастықтар әуе ұрыс қыймылдарына басшылық етуде әдіс және әскери шеберлік көрсетті. Қорытып айтқанда, жауынгерлік авиациямыз қазірде әуеде жау авиациясына үстем болып отыр.

Мыңдаған тамаша ұшқыштарымыз, штурмандарымыз бен әуе атқыштарымыз қарулы күштеріміздің табыстарын еселеп молайтып, жауды жерде де және әуеде де жоюда.

Жауынгерлік авиациямыздың қолжеткен жеңісінің құрметіне **БҰЙЫРАМЫН:**

Бүгін, авиация күні, 20 августа, 17 сағатта отанымыздың астанасы МОСКВА екі жүз жыйырма төрт зеңбіректен жыйырма дүркін артиллерия оғын атып, айбынды ұшқыштарымызға Отанымыз атынан құрмет көрсетеді.

**ЖОҒАРҒЫ БАС ҚОЛБАСШЫ
КЕҢЕСТЕР ОДАҒЫНЫҢ МАРШАЛЫ И. СТАЛИН.**

Авиация Бас Маршалы А. А. Новиковты 1 дәрежелі Суворов орденімен наградтау туралы

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Указы

Неміс-фашист басқыншыларға қарсы ұрыстарда ұрыс қыймылдарына шеберлікпен және батырлықпен басшылық еткені үшін және ұрыс қыймылдарын қамтамасыз ету жөніндегі командованиенің тапсырмала-рын үлгілі орындағаны үшін, бұл ұрыс қыймылдарының нәтижесінде қолжеткен табыстар үшін Авиация Бас Маршалы Александр Александрович Новиков 1 дәрежелі Суворов орденімен наградталсын.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының председателі **М. КАЛИНИН.**

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының секретарі **А. ГОРКИН.**

Москва, Кремль 1944 жылғы 19 август.

Авиация Маршалы А. Е. Головановқа Авиация Бас Маршалы әскери атағын беру туралы

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Указы

Авиация Маршалы Александр Евгеньевич Головановқа Авиация Бас Маршалы әскери атағы берілсін.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының председателі **М. КАЛИНИН.**

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының секретарі **А. ГОРКИН.**

Москва, Кремль 1944 жылғы 19 август.

**Авиация Генерал-полковнигі Г. А. Ворожейкинге
Авиация Маршалы әскери атағын беру туралы**

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Указы

Авиация генерал-полковнигі Григорий Алексеевич Ворожейкинге Авиация Маршалы әскери атағы берілсін.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Председателі **М. КАЛИНИН.**

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Секретарі **А. ГОРКИН.**

Москва, Кремль. 1944 жылғы 19 август.

СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫС ҚЫЗУДА

Н. заводдың жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері коллективті социалистік жарыста тамаша табыстарға иелі үшін тыңбастан еңбек істеп августының 15 күндік жұмыс мөлшерін толық орындады. Сөйтіп колхоз шаруашылығына мек ретінде жоспардан тыс 11 мың сом-ша қосалқы бөлшектерін өндірді. Шалының жолдас бастық болып істейтін жұмысшылар коллективі кеңестер дағының Маршалы Сталин жолдастың Кеңес орденімен наградталғаны зор ер-

леумен қарсы алып, август айының жұмыс мөлшерін екі есе артық орындауды міндеттерін алған еді. Олар бұл міндетті мұлтқис орындауда тамаша еңбек үлгісін көрсетті. Цех августының 15 күндік жұмыс мөлшерін 170—200 процентке дейін орындап, завод бірінші орынға ие болды.

Саенко жолдас басқарған цехтың жұмысшылары шабуылдағы Қызыл Армияның жеңістерімен жігерленіп, күнделік жұмыс мөлшерін 100—130 процентке дейін орындап келеді. **С. ТҰРҒЫНБАЕВ.**

Кеңес Хабаршы бюросынан 19 АВГУСТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

19 августа ТАРТУ қаласының оңтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз тас жолдардың маңындағы торабы—АЛУКСНЭ қаласы мен темір жол станциясын ұрыспен алды. сол сыяқты 30дан аса басқа да елді жерді, оның ішінде МЫНИСТЭ, ТУНДО, СКУЛТАНЫ, СТАМЕРИ, СТЮКУМС, КОРУЛИ қыстақтарын алды.

КРУСТПИЛС қаласының солтүстік жағында (Батыс Двина бойында) әскерлеріміз дұшпанның қарсылығын жеңе отырып, 50ден аса елді жерді, оның ішінде ДАУКСТЫ, БРЕНЧЕНИ, ЗИЛЫНИ, БИНДЕНИ, БЕРЗАУНЭ, СТУРЕНИ, ВЕЦКАЛСНАВА, БУНЧУКИ, ВИЛКАИ, ЯУНКАЛСНАВА қыстақтары мен КАЛСНАВА, БУНЧУКИ, ВИДКАИ, КУНКАЛСНАВА қыстақтары мен КАЛСНАВА, ЯУНКАЛСНАВА темір жол станцияларын ұрыспен алды.

ШАУЛЯЙ (ШАВЛИ) қаласының солтүстік-батыс және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның жаяу әскерлері мен танктерінің ірі күштерінің атакаларын ой дағыдай тойтарып, жауды адам күші мен техникасы жағынан орасан көп шығынға ұшыратты.

БЕЛОСТОК қаласының батыс және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз ұрыспен алға басып, 80нен аса елді жерді, оның ішінде ФАЛЬКИ, НАДБЕЛЬНЕ, КОЛОМЫЯ, ЧАХЫ, КОЛКИ, СВЕРЧЕВО, ЗАЛЕСЬЕ, ЧИЖЕВ, СМОЛЕВО қыстақтары мен ЧАР НОВО-УНДЫ, КОЛАКИ, ЧИЖЕВ темір жол станцияларын алды.

ПРАГАНЫҢ шығыс және солтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз дұшпанның жаяу әскерлері мен танктерінің атакаларын тойтарды және бұл ұрыстардың барысында өздерінің позицияларын жақсартты.

САНДОМИР қаласының солтүстік жағында әскерлеріміз дұшпанның қоршауда қалған әскер тобын жою үшін ойдағыдай ұрыс жүргізді және қоршау шеңберін қыса отырып, КОМОРНА, ПЕНЧИНЫ, ТУЛКОВИЦЕ, ВИЛЬЧИЦЕ, ГАЛКОВИЦЕ, ГЕРЛЯХОВ, КАМЕНЬ қыстақтарын алды. Дәл осы кезде әскерлеріміз дұшпанның қоршауда қалған әскер тобына солтүстік жақтан көмекке өтпек болған жаяу әскерлері мен танктерінің атакаларын тойтарды. Бұл ұрыстардың барысында дұшпан адам күші мен техникасы жағынан орасан көп шығынға ұшырады.

Майданның басқа учаскелерінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

18 августа әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 203 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 48 самолеті атып түсірілді.

20 АВГУСТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

20 августа ТАРТУ қаласының шығыс және оңтүстік жағында әскерлеріміз шабуылды күшейте отырып 150ден аса елді жерді, оның ішінде ПЕДАСПЯЕ, КЫРВЕ-СИЛЛА ВИННУ, ХАММАСТЕ, РЕБАЗЕ, ВАНА—КУСТЕ (ТАРТУ қаласының оңтүстік жағында 12 километр жерде), ВИСИ, МАРИТСА, САВЕРНА, КАГВЕРЕ, МУ-ТЕМЕТСА, РУШКИ, БЕТАРИ, АКТЕНИ, ЛАУТИ үлкен қыстақтары мен РЕБАЗЕ, АЛСВИКИ темір жол станцияларын ұрыспен алды.

РИГА қаласының шығыс жағында әскерлеріміз ойдағыдай шабуыл жасай отырып 70тен аса елді жерді, оның ішінде КЛЭЙНИ, ИОЗУМИ, ВЕСТЫЭНА, ТОЛКА, ЭРГ-ЛИ, ИНДРАНИ, АПСАЛАС, МЕЛНАВА, МИАЛАКАЛНС, ОЗОЛ-САЛА қыстақтары мен ЭРГЛИ, СПИГАНА темір жол станцияларын ұрыспен алды.

ИЕЛГАВА (МИТАВА) қаласының батыс және солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның жаяу әскерлері мен танктерінің ірі күштерінің атакаларын тойтарды. Қатты ұрыстардан кейін бөлімдеріміз бірнеше елді жерлерді қалдырды.

ШАУЛЯЙ (ШАВЛИ) қаласының батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның жаяу әскерлері мен танктерінің ірі күштерінің атакаларын тойтарып, жауды адам күші мен техникасы жағынан орасан көп шығынға ұшыратты.

ПРАГАНЫҢ шығыс және солтүстік шығыс жағында әскерлеріміз дұшпанның барлық атакаларын тойтарып бір сыра жерде ойдағыдай қарсы атака жасады. Қарсы атакалар нәтижесінде өздерінің позицияларын жақсартып, бірнеше жерді алды.

САНДОМИР қаласының солтүстік жағында әскерлеріміз дұшпанның қоршауда қалған әскер тобын жоюды аяқтады, сөйтіп МОКОШИН, ЖЕЧИЦА, СУХАЖОВ, ХВАЛКИ, ВЫСАДЛОВ, РАДОШКИ, ЗАГРОДЫ, ОЦИНЕК елді жерлерін алды. Колға берілуден бас тартқандықтан, дұшпанның қоршауда қалған әскерлерінің көпшілігі жойылды.

Майданның басқа учаскелерінде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

19 августа әскерлеріміз немістердің 250 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 31 самолеті атып түсірілді.

Тарту қаласының шығыс және оңтүстік жағында әскерлеріміз шабуыл жасауда болды. Н-бөлімінің бөлімшелері дұшпанның қатты қарсылығын жеңіп, Тартудың алыс іргелеріндегі немістердің тіректі бекінісі—Вину жолдар торабын тіке шабуылмен алды. Екінші бір бөліміміз тоғайлы жерде ұрағыта әдіс жасап, жауды Ваиа-Кусте қыстағынан қуып шығарды. (Тартудан 12 километр жердегі). Немістердің 400дей солдатты мен офицері жойылды. Старшина Казариннің басқаруындағы екі қызыл әскер немістердің миномет батареясына атака жасады. Ер жүрек кеңес жауынгерлері гитлершілдерді қырып, жаудан алты стволды 4 минометті қолға түсірді.

Рига қаласының шығыс жағында әскерлеріміз кескілескен ұрыстарда немістердің екі жаяу әскер дивизиясының бөлімдерін талқандады. Әскерлеріміз табысты баянды ете отырып, 25 километр алға басты да Эргли қыстағы мен темір жол станциясын алды. Эргли станциясында Ригадан жаңа келген жолаушылар поезы, бірнеше темір жол эшелоны және түрлі соғыс мүлкі қойылған складтар қолға түсірілді. Немістер әлде неше рет қарсы атакаға шықты, бірақ әскерлеріміз бен минометтерімізден оқ жаудырылып жау тозғындытылды. Кеңес бөлімдері немістердің 500 солдатты мер офицерін қолға түсірді. Жаудан 50 зеңбірек, оқ атып 36 аппараты тағы басқа олжа қолға түсірді.

Иелгава (Митава) қаласының батыс және солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның жаяу әскерлері мен танктерінің ірі күштерінің атакаларын тойтарды. Бір жерде жаудың 70 танкі қатынас жолдарымызға өтуге тырысты. Кеңес әскерлері жаудың бұл арам ниетін іске асырмады. Ұрыс даласында немістердің қыйраған және өртенген 50 танкі қалды. Жаудың қалған танктері көңілге кері шегінді. Екінші бір жерде Н. құрамасының бөлімдері гитлершілдердің 20дан аса атакасын тойтарды. Дұшпан орасан көп шығынға ұшырады. Толық емес мәлімет бойынша немістердің 21

мыңдай солдатты мен офицері, 35 зеңбірегі мен 145 автомашинасы жойылды. Дұшпанның 94 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі өртенді, қыйратылды.

Шауляй (Шавли) қаласының батыс жағында дұшпан өзінің әлсіреген бөлімдерін толықтырып тағы да атакаға шықты. Бір жерде қатты ұрыстан кейін немістер алдыңғы бөлімдеріміздің шебіне аздап өтті. Бұл жерге келіп жеткен кеңес танкшілері дұшпанға қарсы атака жасап жаудың 18 танкін жойды және жаяу әскерлеріміз бен бірлесе отырып гитлершілдерді бұрынғы шептеріне қуып тастады. Екінші бір жерде өздігінен жүретін зеңбіректен бөлімшеміз немістердің атакаларын тойтарып, оның екі—«Жолбарыс» танкі мен 5 орта танкін жойды.

Праганың шығыс және солтүстік-шығыс жағында Варшава маңында (Висланың оң жақ жағалауында) кескілескен ұрыстар болды. Әскерлеріміз атакаға шыққан СС бөлімдеріне қарсы соққы беріп, оларды бірнеше жерден қуып шығарды. Немістер жағдайды қалпына келтіруге тырысып, 20 дан аса қарсы атакаға шықты. Бірақ ешбір жеңіске жете алмады. 900 гитлершіл қырылды және жаудың 23 танкі жойылды. Бөлімдеріміз жаудан 14 танк, 8 зеңбірек пен 21 пулемет қолға түсірді. Дұшпанның адамдар қолға түсірілді.

Солтүстік флот авиациясы Киркенес портына (Солтүстік Норвегияда) еселеп шабуыл жасады. Ұшқыштарымыз дұшпанның зениттерінен жауған оқтан өтіп, жаудың кемелері мен портын бомбалап қатты соққы берді. Немістердің 3 мың тонналық транспорты мен екі күзет катері суға батырылды. Жаудың екі үлкен транспорты қатты зияндалды. Портта өрттер шықты, өртпен қоса взрыв болды. Әуе ұрыстарында немістердің 9 истребители атып түсірілді.

Солтүстік флоттың әуе барлаушысы дұшпанның кемелер керуенін көрді. Түнде катерлеріміз жаудың кемелеріне тарпеда жіберіп соққы берді, алдың ала алынған мәлімет бойынша дұшпанның бірнеше кемелері суға батырылды.

Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі мен КК(б)П Орталық Комитетінде

944 жылы егін оруды зор табыстарға жеткен комбайншыларға, тракторшыларға, бригадирлерге, колхозшыларға, МТС, совхоздардың, колхоздардың басшы қызметкерлеріне сыйлық беру туралы

Егінді қысқа мерзімде, ысырапсыз ойда, дай жыйнағаны үшін таңдаулы комбайншыларға, тракторшыларға, бригадирлерге, ең бастықтарына, лобогрейка мен егін ушыларға, қолшалғышыларға, орақшыларға, МТС-тардың, совхоздар мен колхоздардың басшы қызметкерлеріне сыйлық беру ісін Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі мен КК(б)П Орталық Комитеті ұлы етеді:

1. Егін жыйнауда ерекше шыққан комбайншылар үшін ақшадай бәйгелер тағайындалсын:

Бірінші бәйге 1500 сом—егін жыйнау маусымында екі комбайнды тіркеп ең кемі 100 гектар, «Сталинец» комбайнымен 1000, «Коммунар» комбайнымен—700 гектар жыйнаған әрбір комбайншыға беріледі;

Екінші бәйге 1500 сом—егін жыйнау маусымында екі комбайнды тіркеп ең кемі 100 гектар, «Сталинец» комбайнымен 800, «Коммунар» комбайнымен—550 гектар егін жыйнаған әрбір комбайншыға беріледі;

Үшінші бәйге 1000 сом—егін жыйнау маусымында «Сталинец» комбайнымен 600 гектар, «Коммунар» комбайнымен 400 гектар егін оған әрбір комбайншыға беріледі. Бұл бәйгелерді егін жыйнау жұмысы ақталғаннан кейін облыстық атқомдардың ұсынуы бойынша ККСР Халық Комиссарлары Кеңесі береді.

2. Егін жыйнау жұмысындағы алдыңғы атқарушыларға беру үшін мына мөлшерде ұйымдай бәйгелер тағайындалсын:

а) Қазақ КСР Жер Халық Комиссариаты бойынша—31012 бәйге, оның ішінде, комбайншылар егін орудың мамандарына—100 комбайншылар мен тракторшыларға 1000, трактор бригадаларының бригадирлеріне 360, егін бригадаларының бригадирлеріне 640, колхоз председателдеріне 400, лобогрейкамен егін орудыларға 8000, қолшалғышыларға 3500, орақшыларға 4000, колхозшылар мен звено бастықтарына 11000, МТС директорлары мен аға мамандарына 12 бәйге, олар облыстарға мына ретте бөлінісін (№ 1 қосымшаны қараңыз);

б) Қазақ КСР Совхоздар Халық Комиссариаты бойынша—3285 бәйге, оның ішінде: комбайншылар егін жыйнаудың мамандарына—25, комбайншылар мен тракторшыларға 400, трактор бригадаларының бригадирлеріне, бөлімдер мен фермалардың басқарушылары мен механиктеріне 150, лобогрейкамен егін орудыларға—800, шалғышылар мен орақшыларға 700, жұмысшылар мен звено бастықтарына 1200, совхоздардың директорларына, инженерлері мен аға механиктеріне 10 бәйге, олар облыстарға мына ретте бөлінісін (№ 2 қосымшаны қараңыз);

в) Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі мен КК(б)П Орталық Комитеті егін жыйнау жұмысындағы алдыңғы қатарлыларға сыйлық беру үшін заттардың мөлшерін (№3 қосымшаны қараңыз) және 1944 жылы егін оруды жұмысындағы алдыңғы қатарлыларға бәйге берудің шарттарын (№ 4 қосымшаны қараңыз) бекітті.

3. Бәйге берудің мынадай тәртібі тағайындалды:

а) Комбайншыларға, тракторшыларға, трактор бригадаларының бригадирлеріне, совхоздардың бөлімдері мен фермалары басқарушылары мен механиктеріне, лобогрейкамен егін орудыларға, орақшыларға, шалғышыларға бәйгені МТС пен совхоз директорлары береді;

б) МТС пен совхоздардың директорлары мен мамандарына бәйгені облыстық жер бөлімінің бастығы мен совхоздар трестерінің директорлары береді.

в) Лобогрейкамен егін орудыларға, шалғышыларға, орақшылар мен колхоздардың звено бастықтарына бәйгені колхоздардың басқармалары береді;

Комбайншыларға, МТС тракторшылары мен трактор бригадаларының бригадирлеріне, колхозшыларға, звено бастықтарына, егін бригадаларының бригадирлеріне, лобогрейкамен егін орудыларға, орақшыларға, колхозшыларға, колхоз председателдеріне берілетін заттай бәйгелерді колхоздардың мәдени-тұрмыс қорлары есебінен колхозшылар жыйындыстарының келісуі бойынша сатып алу колхоз басқармаларына ұсынылды.

Егін жыйнауда зор табыстарға жеткен комбайншыларды жазып отыру үшін республикалық, облыстық және аудандық газеттерде хұрмет тақталары ұйымдастырылады. Комбайншылар хұрмет тақталарына Қазақ КСР Жер Халық Комиссариаты мен Совхоздар Халық Комиссариатының, об-

лыстық жер бөлімі мен совхоздар трестерінің ұсынуы бойынша жазылады.

егін жыйнау жұмысының алдыңғы қатарлыларына берілетін бәйге қорларын қабылдап, дереу жөнелтіп отыру жөнінде темір жол бөлімдерінің бастықтарына нұсқау беру Түркістан—Сібір темір жол басқармасына (Брехунец жолдасқа) тапсырылды.

Қазақстан Тұтынушылар Одағы (Исаков жолдас) Қазақ КСР Сауда Халық Комиссариаты (Омаров жолдас), облыстық атқомдар мен КК(б)П облыстық комитеттері егін жыйнау жұмысындағы алдыңғы қатарлыларға берілетін бұйымдарды іріктеп, комплектылар жасауды қамтамасыз етуге және оларды осы жылдың 5 сентабрінен кешіктірмей, ал маталарды осы жылдың

1 октябрінен кешіктірмей тиісті жерлеріне жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің КК(б)П Орталық Комитеті облыстық атқомдарды, аудандық атқомдарды, КК(б)П облыстық және аудандық комитеттерін алдыңғы қатарлыларға бәйгені егін жыйнау-дың барысында уақтылы беріп отыруға, осы шаралардың айналасына үгіт-көпшілік жұмысын ұйымдастыруға, егін оруды жұмысындағы алдыңғы қатарлылардың табыстарын облыстық және аудандық газеттері арқылы, сондай-ақ радио, қабырға газеттері және МТС, колхоздар мен совхоздарда шығарылатын жауынгерлік листоктер арқылы көпшілікке таратып отыруға міндеттеді.

№ 1 қосымша

БӘЙГЕЛЕРДІ ОБЛЫСТАРҒА, ҚАЗАҚ КСР ЖЕР ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫ ҚАРАМАҒЫНДАҒЫ ОРЫНДАРҒА БӨЛУ

Б Ә Й Г Е Л Е Р С А Н Ы

Облыстар	Комбайншыларға тракторшыларға,	Трактор бригадаларының бригадирлеріне	Дала бригадалары мен звено бастықтарына	Колхозшылар мен звено бастықтарына	Колхоз председателдеріне	Комбайн мен егін оруды шеберлеріне	Лобогрейка мен егін орудыларға	Орақшыларға	Қолшалғышыларға
Солтүстік Қазақстан	220	27	44	450	27	8	480	240	220

№ 2 қосымша

БӘЙГЕЛЕРДІ ОБЛЫСТАРҒА, ҚАЗАҚ КСР СОВХОЗДАР ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫ ҚАРАМАҒЫНДАҒЫ ОРЫНДАРҒА БӨЛУ

Б ә й г е с а н ы

Облыстар	Комбайн мен егін оруды шеберлеріне	Комбайншылар мен тракторшыларға	Егін трактор бригадалары мен звено бастықтарына	Лобогрейка мен егін орудыларға	Орақшылар мен шалғышыларға	Звено бастықтары мен жұмысшыларға
Солтүстік Қазақстан	3	32	10	60	55	120

№ 3 қосымша

ЕГІН ОРУ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ АЛДЫҒЫ ҚАТАРЛЫЛАРҒА БӘЙГЕ ҮШІН БЕРІЛЕТІН ЗАТТАР

Комбайншылар мен тракторшылар үшін: мата—5 метр, тоқыма және бөзден тігілген ішкім—1 пар, ұйық пен носки—1 пар, шәй 300 грам, кір сабын—2 кесе, істі сабын—1 кесе, темекі—200 грам, көмпит—1 килограмм, одеклон немесе нисмай—1 шыны.

Трактор бригадасы бригадирлері үшін: аяқ киім—1 пар, бір киімдік шұға немесе жібек мата, тоқыма немесе бөзден тігілген ішкім—1 пар, шәй 400 грам, кір сабын—2 кесе, істі сабын—2 кесе, темекі 300 грам, көмпит 1,5 килограмм, одеклон немесе нисмай—1 шыны.

Егін бригадасы бригадирлері үшін: аяқ киім—1 пар, ұйық немесе носки—1 пар, мата—3 метр, шәй—400 грам, кір сабын—2 кесе, істі сабын—2 кесе, темекі—200 грам, көмпит—1 килограмм, одеклон немесе нисмай—1 шыны.

Колхозшылар, звено бастықтары, совхоз жұмысшылары, орақшылар мен қолшалғышылар үшін: мата—3 метр, тоқыма немесе бөзден тігілген 1 пар ішкім, шәй—300 грам, кір сабын—1 кесе, темекі—100 грам, көмпит—0,5 килограмм.

Лобогрейкамен егін орудылар үшін: мата—5 метр, тоқыма немесе бөзден тігілген бір пар ішкім, шәй—300 грам, кір сабын—1 кесе, істі сабын—1 кесе, көмпит—0,5 килограмм, темекі—100 грам.

Колхоз председателдері үшін: аяқ киім—1 пар, бір киімдік шұға немесе жібек мата, 3 метр жай мата, ұйық немесе носки—1 пар, шәй—500 грам, көмпит 1,5 килограмм, темекі—300 грам, кір сабын—3 кесе, аяқ киім сабын—2 кесе, одеклон немесе нисмай—1 шыны.

Комбайнмен егін оруды шеберлері үшін, МТС пен совхоздардың директорлары мен аға мамандары үшін: аяқ киім—1 пар, бір киімдік шұға немесе жібек мата, 5 метр жай мата, тоқыма немесе бөзден тігілген ішкім, ұйық немесе носки 1 пар, шәй—500 грам, істі сабын—2 кесе, одеклон немесе нисмай—1 шыны, кір сабын—3 кесе, көмпит—2 килограмм.

№ 4 қосымша

1944 ЖЫЛЫ ЕГІН ОРУ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ АЛДЫҒЫ ҚАТАРЛЫЛАРҒА БӘЙГЕ БЕРУДІҢ ШАРТТАРЫ

МТС және совхоз комбайншылары мен тракторшыларына бәйге:

а) Егін оруды жоспарын тағайындаған мерзім ішінде жақсы сапамен 10—15 процент, артық орындап, жанармай үнемдегені үшін;

б) Комбайндар мен тракторларды түзу күйінде сақтағаны үшін; беріледі.

Комбайнмен егін оруды шеберлеріне:

а) комбайн мен егін оруды жұмысының жоспарын ең кемі 200 процент, жақсы сапамен орындағаны үшін;

б) Машиналарды түзу күйінде сақтағаны үшін;

в) жанармайдың ең кемі 10 процентін үнемдегені үшін беріледі.

Совхоз фермалары мен бөлімдерінің механиктеріне, МТС пен совхоздардың трактор бригадасы бригадирлеріне:

а) Совхоз бөлімінде, трактор бригадасында, комбайнмен егін оруды жұмысының жоспарын 100 процент жақсы сапамен, тағайындалған мерзім ішінде орындағаны үшін;

б) Егін жыйнау маусымында машиналарды техникалық жағынан күту және профилактикалық жөндеудің графигін орындағаны үшін, бөлім мен бригаданың машиналарды қанағаттанарлық дәрежеде сақтаған-

ны үшін;

в) Жанармайды ұқыптылықпен жұмсап, оны ысыраппа, жоспардан артық жұмсауға ұшыратпағаны үшін беріледі.

Колхоз председателдеріне, бөлім және ферма басқарушыларына

а) Колхозда, бөлімде, фермада егін оруды жұмысындағы зор табыстары үшін, астық тапсыру жоспарын дер кезінде орындағаны үшін; беріледі.

Егін бригадасы бригадирлеріне, лобогрейкамен егін орудыларға орақшыларға, қолшалғышыларға, звено бастықтарына, колхозшылар мен совхоз жұмысшыларына.

а) егін оруды жұмыс мөлшерін үнемі артық орындап, егін өнімін ысырапсыз жыйнағаны үшін; беріледі.

МТС пен совхоздардың басшы қызметкерлеріне:

а) егін жыйнау ісінде және комбайндардың жұмысында зор табысқа жеткені үшін, МТС-қа заттай ақы төлеу жоспарын, совхозда астық тапсыру жоспарын тағайындаған мерзімде орындағаны үшін; беріледі.

Қара бидай қашан орылып бітеді?

Приешім ауданындағы Қызылжар ет-сүт совхозының қара бидайды оруды кіріскеніне үш аптадай мерзім өтті. Алайда, совхозда қара бидай оруды 50 проценті ғана орындалды. Ал мемлекетке астық тапсыру бұл совхозда мүлде ұмыт болған. 1500 центнер астық мемлекетке қабылдау орнына тасылмай, совхоз қырмайында жатыр. Мұның жайын совхоз директоры Глушков жолдастың «транспорт жоқ» деумен түсіндіргісі келеді.

Совхозда комбайндардың жұмысы дұрыс ұйымдастырылмаған. Сондықтан да Овчинников және Федоров жолдастардан басқа бірде-бір комбайншы жұмыс мөлшерін орындамайды. Ал комбайншы Слесарев жолдастың жұмысқа жауапсыз қарауы салдарынан 4 рет подшипникті ағызып, комбайнды аварияға ұшырату Глушков жолдасқа әдеттегі істер сыяқты болып көрінетін тәрізді.

М. ЕГІЗБАЕВ.

ЕҢБЕК КҮНГЕ МОЛ АСТЫҚ АЛУДА

БУЛАЕВ. (Өз тілшімізден). «Гигант» ауыл шаруашылық артелінің темір ұстазы Василий Кириллович Устименко жолдастың үй-іші осы жылдың 7 айында 1349 еңбек күнге не болды. Колхоздың жана егіннен мемлекетке тапсырған астығының 15 проценті—600 пұт астықты колхозшылардың еңбегіне бөле келгенде, Устименко жолдастың үй-іші 16 пұт астық алды.

Колхозшы Иван Дмитриевич Савченко жолдастың үй-ішінің тапқан еңбек күніне 12 пұттай үлес тиді. А. СӘДІРБЕКОВ.

Қатаң жазалансын

Одақтық Халық Комиссарлары Кеңесі мен КК(б)П Орталық Комитетінің «Егін жыйнау және 1944 жылы ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау туралы» қаулысы Совет ауданындағы «Қызылту» ауыл шаруашылық артелінде өрескел түрде бұрмаланды. Колхоз председателі Оразымбетов қара бидай жыйнау жұмысын қаулыда талап етілгендей ұйымдастырмады. Қолда бар 5 лобогрейканың мезгілінде жөнделуін және олардың дән тұтқыштармен жабдықталуын қамтамасыз етпеді. Осының салдарынан лобогрейкамен орылған 30 гектар қара бидайдан 31 центнер астық ысыраппа ұшырады.

Осы айдың 8 не дейін орындаған 70 гектар қара бидайдың әрбір гектарынан 20 килограмм астық ысырап болды, яғни 14 центнер астық жерге төгілді.

Колхоз председателі Оразымбетовтың осы жылының егін жыйнау алуы тыңғылықты ұйымдастырмауы және астық ысырабына көріне кезге жол беруі—отан алдында қылмыс. Оразымбетов бұл қылмысы үшін қатаң жазаға тартылуға тиіс.

К. АЙЫПОВ.

„Польпрес“ агенттігінің хабары

Люблин түбіндегі Майданок бағат дәгерінде неміс қаракатындағы көптеген неміс әскери адамдары мен орыс әскерлері тұтқын поляктарды, француздарды, чехтерді, еврейлерді, бельгистерді, венгистерді, сербтерді, гректерді, Еврейлерді басқа да ұлттарының адамдарын жанып жатыр.

Бұл лагерьде немістерге қолға түскен неміс әскери адамдарын жанып қырып, жойғын еске алып, Польша Ұлт-Азаттығы Комитеті Кеңесіне ұсынып отырған ұсыныс кіргізді. Немістердің Люблиндегі зұлымдық істерін тексеру үшін дереу Польша-Кеңес төтенше комиссиясы құрылып, бұл комиссияға әр қайсысы өздерінің өкілдерін жіберіп, КСРО үкіметі бұл ұсынысты қабылдап, өз тарапынан комиссияның мүшелігіне профессор М. М. Гращенконы, профессор В. И. Позоровскийді және Д. М. Кудрявцевті тағайындады.

Польша-Кеңес төтенше комиссиясы: комиссияның председателі Польша Ұлт-Азаттығы Комитеті председателінің орынбасары Витас мырза, комиссияның мүшелері—кеңес доктор Крушинский, профессор Беляковский, шағым сотының прокуроры Бальцек, сот медицинасының профессоры Шинг-Сингаревич, Польша Ұлт-Азаттық комитетінің мүшесі доктор Зоммерштейн (Польша), профессор В. И. Презоровский, профессор М. И. Гращенко, мен Д. И. Кудрявцев (КСРО)—неміс-фашистердің Люблиндегі зұлымдық істерін тексеруге, бұл зұлымдықтарды ұйымдастырушылар мен оны тікелей орындаушылардың әңгілеу және анықтау ісіне кірітеді.

Жауапты редактордың орынбасары К. ОЖИМЕНОВ.